

ӘОЖ 343.3/.7

Б.А. Сериев

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, з.ғ.к., Қазақстан, Талдықорған қ.
 Қазақстан, Талдықорған қ.
 e-mail: seriev_bolat@mail.ru

Мемлекеттік қызметшілердің жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу шаралары

Жемқорлықтың алдын алу мәселелерін жетілдіру және оны құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің тәжірибесінде қолдану тиімділігін арттыру жолдары теориялық тұрғыдан қарастырылған. Сондай-ақ жемқорлықпен күрес және оның алдын алу шараларын жаңғырту бойынша ұсыныс сипатындағы тұжырымдарды жасау және заңдарға енгізу мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: жемқорлық, сыбайлас жемқорлық, ұйымдасқан қылмыстар, жемқорлықтың алдын алу, жемқорлықпен күрес.

B.A. Seriev

Measures aimed at countering corruption offenses officers

On scientific work, that was named, to perfect questions of anticipating voracity and her a right protects efficiency application in experience office workers of organs examined theoretical approach lines increase. And also fight and measures of anticipating to renew voracity, according to conclusions in character of suggestion, examined questions introduction dowry and in laws.

Key words: Corruption, corruption crimes, post crimes, counteractions of corruption, fight against a corruption.

Б.А. Сериев

Меры, направленные на противодействие коррупционным правонарушениям должностных лиц

В данной статье рассматривается решение наиболее значимых теоретических и практических проблем, обусловленных концептуальными направлениями борьбы с коррупционными и должностными преступлениями; систематизация современных теоретических взглядов и идей, связанных с антикоррупционной деятельностью, а также разработка на данной основе научно обоснованных путей и методов дальнейшего совершенствования антикоррупционной деятельности.

Ключевые слова: коррупция, коррупционные преступления, должностные преступления, противодействия коррупции, борьба с коррупцией.

Сыбайлас жемқорлықтың феномені кең сипаттағы ұғым. Байлық пен тұрақты жағдайының арқасында сыбайлас жемқорлық келтіретін үлкен шығынын жасыруға мүмкіндігі бар көптеген индустриалды дамыған мемлекеттерде бұл үйреншікті құбылыс. Сыбайлас жемқорлық Орта Азия мен Шығыс Еуропаның елдері сияқты көптеген дамып келе жатқан елдерде кең тараған құбылыс. Сыбайлас жемқорлық қоғамдық өмірдің түрлі қабаттарына тарап, ел үшін үлкен қоғамдық қауіп төндіреді. Әсіресе экономиканың тұрақтылығына зиян келтіріп, нарықтық қатынастардың дамуына, ілгері

реформаларды жүргізуіне, демократиялық институттардың дамуына кедергі болып, әлеуметтік тұрақсыздықты анықтайды және мемлекеттік басқару жүйесінде, мемлекетте, қоғамда қылмыстық үрдістерінің күшейуіне үлесін қосады. Сонда мемлекеттік басқару құрылымының сыбайластығы қоғамды рухани-адамгершілік қасиеттерінен айырып, жалпы мемлекеттік саясатын құртады.

Сондықтан да сыбайлас жемқорлықпен күрес қазіргі таңда құқықтық мемлекеттің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Тарихымыз дәлелдегендей, қоғам өміріндегі

маңызды өзгерістер қылмыстың өсуімен ерекшеленеді. Қылмыстық – үнемі өзгеретін және дамитын құбылыс. Ол, сөзсіз, қоғамның экономикалық және саяси жүйесіндегі, әлеуметтік ортадағы өзгерістерін айнадай көрсетеді.

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы ақиқатын айтса, тәртіпті ел болмай, жемқорлықтың тамырына түбегейлі балта шаппайынша, мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайтыны бәрімізге де мәлім.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, еліміздің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы бойынша стратегиялық міндеттерге қол жеткізу үшін, әрине, біз экономика саласындағы сыбайластыққа жол бермеуіміз керек. «Жамандықты жазаламағанадам – оның дем берушісі» десек, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас, паракорлық фактілеріне принциптік төзімсіздікті қалыптастыру бағытында елімізде, сонымен қатар Алматы облысында да тиісті жұмыстар өз деңгейінде атқарылып жатыр десем артық айтпаспын.

Лауазымдық қылмыс – мемлекеттік билігіне, мемлекеттік қызметінің және жергілікті басқару органдарындағы қызметінің мүдделеріне қарсы лауазымды адамдармен жасаған қылмыстар. Бұл қылмыстар жасалу нәтижесінде тиісті құқықтық актілермен реттелген мемлекеттік органдардың, жергілікті басқару органдарының, мемлекеттік мекемелердің, ҚР әскери күштерінің, басқа да еліміздегі әскери құрылымдардың қызметінің, азаматтардың немесе ұйымдардың заңды мүдделері мен құқықтарының бұзылуына қоғамдық қауіп төнеді.

Лауазымдық қылмыстардың бір ерекшелігі – аталған органдар мен мекемелердің дұрыс қызмет көрсетуіне кедергі келтіріп, олардың қоғамдағы беделін түсіреді, сондай-ақ азаматтарда заңды мүдделері мен құқықтарының қорғалуына сенімділігін азайтады.

Лауазымдық қылмыстардың жасалу нәтижесінде мемлекеттік билік органдарының жұмысы бұзылып, жеке және заңды тұлғаларға елеулі шығын келтіріледі.

Сыбайлас жемқорлық көбінесе басқа да аш көз қылмыстармен байланысып тұрады, әсіресе біреудің мүлігін ұрлау қылмысымен, сондықтан да ол қоғамға үлкен қауіп төндіреді.

Конституциялық құрылымына қауіп төндіруде сыбайлас жемқорлықтың рөлі ерекше. Мемлекеттік мекемелердегі лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлығымен кездескенде, қоғам сенімсіздік танытып, үкіметпен әрекеттесуден бас тартады. Сенімсіздік туындатып сыбайлас жемқорлық тұлғаның азаттылығына, қоғамдық мүдделерін жүзеге асыруға кедергі көрсетеді және басқа мемлекеттермен ынтымақтастыққа зиянын келтіреді. Сыбайлас жемқорлық қоғамның экономикалық, саяси және мәдени дамуын анықтайтын құбылыс болып жатыр. Осындай құбылыспен күресу міндеті құқыққоғау органдарына жүктелген.

Мемлекеттік қызметкерлерінің құзыреттілігі мен басқару құрылымының тиімділігі – қазіргі таңда мемлекеттің бірінші кезектегі міндеттерінің бірі. Қазақстанда демократиялық, құқықтық мемлекетті құру жағдайында мемлекеттік қызметтің институтын құру мәселесі жүзеге асырылуда. Соған сәйкес мемлекеттің құқық қорғау жүйесі болып табылатын құқық қорғау органдарының құрылымы да жетілдіріледі.

Мемлекеттік қызметшілер басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан болатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу керек [1, 53].

2009 жылы 22 сәуірде ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» жарлығы қабылданды [2].

Жарлықта «Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту, құқық қорғау қызметін одан әрі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, кез келген құқық бұзушылыққа мемлекеттің жауап әрекетінің болуын қамтамасыз етіп және кінәлілерді заңда белгіленген жауапқа тарту – құқық қорғау органдары қызметінің басым бағыттары» деп көрсетілген. Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік ұйымдардың және мемлекеттің қатысу үлесі ұйымдардың басшыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы қимыл үшін дербес жауаптылық міндеті жүктелетіні баса айтылған.

Сыбайлас жемқорлық – ежелгі заманнан пайда болып, қазіргі заманда да әлемнің барлық

елдерінде жалғасын тапқан күрделі әлеуметтік құбылыс.

Тарихи тәжірибеден байқауға болады, сыбайлас жемқорлық адамзат қоғамының барлық даму кезеңдерінде кездеседі. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде ұлтпен шектелмейді, оның мөлшері мен көлемі пайда болу тегіне байланысты болады.

Сыбайлас жемқорлық (*лат. «corruptio»*) – лауазымдық тұлғалардың, мемлекеттік шенеуніктердің, қоғамдық және саяси қайраткерлерінің сатылуы мен пәреуелігін белгілейді. Сыбайлас жемқорлық (*лат. «corrumpere»*) – біреулерді ақшалай немесе басқа материалдық құндылықтарымен пәреуелеу.

«Сыбайлас жемқорлық» ұғымы римдік құқықта «сот тәжірибесінде құқыққа қайшылықты әрекеттер» деп танылған. Этимологиялық жағынан «согипреге» латын тіліндегі «согеі» және «гипреге» екі сөздің бірігуінен пайда болды. Бірінші сөз «бір нәрсе бойынша міндетті қатынастардың бір тарапында» бірнеше субъектілерінің қатысуын белгілейді, ал екіншісі «бұзу, жою, құрту» етістік-синонимдері [3].

Сөзжасамның нәтижесінде пайда болған дербес термин «істердің мемлекеттік басқару үрдісін немесе сот үрдісінің дұрыс барысын өзгертуді мақсат ететін қызметінде бірнеше тұлғалардың қатысуын» анықтайды. Рим заңгерлері құқықты жеке меншікті және жария құқыққа бөлетін. Жария құқық мемлекеттің мүдделерін, ал жеке құқық жеке тұлғаның мүдделерін айқындайды. Құқықтық қатынастарын реттеу әдісі бойынша жария және жеке құқықты бөлетін. Кейбір салаларында мемлекеттік билік азаматтарына мемлекеттік тәртіптің игілігі үшін белгілі кезеңге және белгілі шартта міндетті құлқыны талап етеді. Осында жария құқықтың барлық салалары жатады: қылмыстық, қаржы, т.б. Жеке немесе азаматтық құқықтың саласында мемлекеттік билік қатынастарды тұра реттеуден қалыс қалады. Бұл жағдайда құқықтың субъектілері болып табылатын көптеген жеке дербес бірліктеріне қатынастарды реттеуге мүмкіндік береді. Сондай субъект болып жеке тұлғалар (адамдар) болады және түрлі жасанды қосындылар (бірліктер немесе мекемелер) немесе заңды тұлғалар. Бұл құқық субъектілері өз еркінің иесі болып есептеледі және оларға бір-бірімен қатынасты реттеуге мүмкіндік беріледі. Мемлекет бұл қатынастырды күшпен

анықтамайды, тек басқалар анықтайтын құқығын қорғайтын орган ретінде танылады.

Ғылыми, оқу, қоғамдық-публицистикалық әдебиетінде сыбайлас жемқорлық анықтамасының бірнеше түрі бар. Орыс тілінің түсіндірмелі сөздігі сыбайлас жемқорлықты лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатулығы, парамен пәреуелеу деп анықтама береді [4, с. 292].

Бұл ұғым пара беру (сыйақы беру), nepoтизм (пайдалы, табысты лауазымдарға тамыртуыстық бойынша «өз адамдарын» немесе туыстарын қою) және жеке пайдасына көпшіліктің қаражатын заңсыз иемдену. Сыбайлас жемқорлық бойынша Еуропа кеңесінің тәртіптік тобы сыбайлас жемқорлықтың кең анықтамасын береді: «жеке қызметкер, мемлекеттік лауазымды тұлға, тәуелсіз агент мәртебесіне жүктелген міндеттерінің бұзылуына соғатын және де мемлекеттік немесе жеке меншік секторында белгілі міндеттерін атқаруға тапсырылған тұлғалардың пара алуы немесе басқа мінезқұлқы» [5].

Сыбайлас жемқорлықтың анықтамасына деген көптеген көзқарасы бұл құбылыстың күрделігін айқындайды және оны терең әрі жан-жақты зерттеуін талап етеді. Осы көлемді жұмысқа келесі екі аспектіде тоқтаған жөн көрдік. Біріншіден, сыбайлас жемқорлықты тану теориялық деңгейін тереңдету, әсіресе қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси өмірінің дамуына ықпал ететін факторлардың пайда болу себептерін зерттеу аспектісінде, т.б. Екіншіден, сыбайлас жемқорлықтың құқықтық анықтамасын беру және осы құбылыспен күресінің практикалық шаралар жүйесін қалыптастыру аспектісінде.

Сондықтан сыбайлас жемқорлық, біздің пікірімізше, әлеуметтік-экономикалық ұғым ретінде үшінші тараптың (қоғамның, мемлекеттің, мекеменің) мүддесіне зиян-шығынын келтіріп, жеке пайда алу мақсатында лауазым мүмкіндіктерін пайдалану бойынша лауазымды адамдар мен қоғамның жеке мүшелері арасындағы қатынастарды білдіреді.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық салаларына: экономикаға, әлеуметтік саласына, саясатқа ықпалын тигізеді. Осы құбылыстан туындайтын жағымсыз салдары қоғамның ілгері дамуына кедергі болып, сондай-ақ еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне үлкен қауіп төндіреді.

Экономикалық саласында сыбайлас жемқорлық бірқатар жағымсыз құбылыстар мен үрдістерінің дамуына ықпалын тигізеді:

1. Нарықтық бәсекелестіктің механизмін бұзады, өйткені бәсекеге қабілетті болғандары емес, пара беру арқылы артықшылығына ие болғандары пайда табады. Еркін бәсекелестік идеясының сенімін жоққа шығарып, экономикада басқалардан қарағанда артықшылық идеясының пайда болуына соғады.

2. Мемлекеттік бюджеттің қаражатын тиімді емес бөлінуіне, әсіресе мемлекеттік тапсырысты және несиені бөлуінде соғады.

3. Сыбайлас жемқорлық қатынастарының субъектілерін байытып, табыстың әділетсіз бөлінуіне соғады.

4. Сыбайлас жемқорлық «үстемақы шығындары» үшін тауар мен қызмет көрсету бағаларының өсуіне ықпалын тигізеді (нәтижесінде тұтынушы зардап шегеді).

5. Сыбайлас жемқорлық – ұйымдасқан қылмыстық пен жасырынды экономикасының дамуына қолайлы жағдайын қамтамасыз ететін құрал. Мемлекеттік бюджетке салықтың аз түсуіне, капиталдың шет елге ауысуына соғады және мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық міндеттерін тиімді орындау мүмкіндіктеріне кедергі келтіреді.

Әлеуметтік салада сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдары келесі:

6. Сыбайлас жемқорлық қоғам мүшелерінде басқаларға, қоғамға қатысты «екі түрлі стандартты» мінез-құлқты қалыптастырады. Ол қоғамдағы басты өлшемі ақша болатынына әкеледі, адамның маңыздылығы оның жеке жағдайының мөлшерімен анықтайды. Адам мінезінің әлеуметтік реттеуіштерін: дін құқығын, қоғамдық пікірін бұзып, құнын жоғалтады.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның, мемлекеттің өмірін реттейтін негізгі құралы ретіндегі құқық маңызын жояды. Қоғамдық санасында қылмыстың, биліктің алдында азаматтардың қорғансыздығы туралы көзқарас қалыптасады.

Саяси салада сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдары төмендегідей анықталады:

Сыбайлас жемқорлық саясаттың жалпы ұлттық мақсаттарынан саяси-экономикалық үстемдігі бар топтар мен кландардың билігін қамтамасыз ету мақсатына ауысатынына ықпалын тигізеді.

Сыбайлас жемқорлық субъектері «бесінші тіреуге» айналып, ел қауіпсіздігінің мүдделерін сатқындығына көмектеседі.

Сыбайлас жемқорлық халықаралық деңгейдегі елдің беделін түсіреді, саяси-экономикалық оқшаулануына ықпалын тигізеді.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның билікке деген сенімін түсіріп, демократия құндылықтарында түңілуіне әкеліп, қатаң мемлекеттік құрылымы диктатураға ауысуына әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының 02.07.1998 ж. қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында «мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы» деп танылады [6].

Сыбайлас жемқорлықтың кең ұғымы барлық заманда болған, үнемі күрес жүргізілетін түрлі мемлекет заңнамаларында, саяси партиялардың бағдарламалық құжаттарында сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі бағыттары берілетін (Орта Азия мен Қиыр Шығыста, Латын Америкада, Орта Еуропада т.б.) Италия, Ресей, Түркия мен Жапонда сыбайлас жемқорлық үйреншікті құбылыс болып кетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің шежіресі бірқатар арнайы ерекшеліктермен сипатталады. Біріншіден, сыбайлас жемқорлық ұғым мен құбылыс ретінде нормативтік құжаттарында және тәжірибеде танылмаған. Бұл ұғымның орнына «парақорлық», «лауазымдық жағдайын пайдалану» т.б. терминдері қолданатын.

Екіншіден, құбылыстың пайда болу себебі буржуазиялық қоғамға қатысты жағдайлармен байланысты болған. Мысалы, 29.03.1962 ж. «Халық байлығын ұрлауымен және парақорлықпен күресті нығайту туралы» атты Кеңес Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жабық хатында парақорлық – «эксплуататорлық қоғам жағдайында туған әлеуметтік құбылыс» деп жазылған. Қазан айының төңкерісі парақорлықтың күретамыр себептерін жойды, ал «кеңестік әкімшілік-басқару құрылымы – құрылымның жаңа түрі». Сыбайлас жемқорлықтың себебі ретінде партиялық, мемлекеттік, ең бастысы, тәрбиеу

саласындағы және кәсіподақ органдары жұмысының кемшіліктері аталған [7].

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлықты көбейткен партияның жоғары шенеуніктеріне қатысты биліктің екіжүзділігі.

Төртіншіден, мемлекетті басқару аппаратының ішіндегі сыбайлас жемқорлықпен күресін тек осы аппараттың өкілдері жүргізген. Бұл екі салдарға әкелді: күрес жүргізушілері сыбайлас жемқорлықты тудырған себептерін өзгерте алмайтын; өйткені ол жүйенің маңызды шарттарына жататын; сыбайлас жемқорлық өкілдерімен күресі бәсекелестіктер күресіне ұласатын.

Соғыстан кейінгі мерзім ішінде, қайта құру кезеңінде және одан кейін сыбайлас жемқорлықтың өсуі мемлекеттің күреу себебінен туындаған. Өсумен бірге келесі үрдістерді анықтауға болған: орталықтандырылған бақылау азайып, идеологиялық ұстанымдар жоғалды, экономиканың даму деңгейі түсіп, КСРО күйреді және жаңа мемлекет – Қазақстан пайда болды. Сөйтіп, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың қазіргі жағдайы басқа елдерде болған ауыспа-

лы кезеңдегі сыбайлас жемқорлықтың өсуіне байланысты. Сыбайлас жемқорлықтың өсуін анықтайтын маңызды әрі тарихи шежіресі бар келесі факторларды белгілеуге болады:

– қажетті құқықтық базамен, құқықтық мәдениетпен негізделмеген жаңа экономикалық жүйеге ауысуы;

– кеңес дәуірінде дұрыс құқық жүйесінің және тиісті мәдени дәстүрлердің жоқтығы;

– бақылаудың партиялық жүйесінің күйреуі.

Сыбайлас жемқорлық ұлтаралық мәселе болып табылады. Ол саяси құрылымына және саяси даму деңгейіне тәуелсіз болып, барлық елдерге қатысты, тек (масштаб) көлемімен ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің тиімділігі билік түрлерінің өзара қатынасына байланысты болады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес экономикалық, құқықтық шаралар кешенін пайдалану арқылы жүзеге асады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізін тиісті заңнамалық база құрайды.

Әдебиеттер

- 1 Беисов Е.Ж. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді шаралар // «Сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізудің саяси, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық қырлары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конф. матер. – Талдықорған, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2011. – 52-54 бб.
- 2 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлығы // «Параграф» ақпараттар жүйесі. – 2013.
- 3 Римское право: Учебник / О. А. Омельченко. – 2-ое изд., испр. и доп. – М.: ТОН – Остожье, 2000. – 208 с.
- 4 Коррупция в сфере государственного управления // Резолюция Восьмого Конгресса ООН по предупреждению преступности и обращению с правонарушителями. – Нью-Йорк, 1990. – С. 150-153.
- 5 Основные международные документы по правам человека: Материалы и комментарии: посвященные 50-летию Всеобщей декларации прав человека. – Алматы: 1998. – 148 с.
- 6 Закон Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией» // Справочная система «Параграф». – 2013.
- 7 Кабанов П.А. Коррупция и взяточничество в России: исторические, криминологические и уголовно-правовые аспекты. – Нижнекамск, 1995. – С. 19.

References

- 1 Beis E.Zh. Sybaylas zhemkorlykqa qarsy pәrmenді sharalar // “ Sybaylas zhemkorlykpen kyres zhүrgizudің sayasi, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық қырлары ” атта – respublikalyқ ғылыми tәzhiribelik conference. Mater . – Taldyқorған , I.Zhansүgirov atyndағы shake, 2011. – 52-54 bb.
- 2 Respublikasynun Prezidentiniң Kazakhstan” Kazakhstan Respublikasyndary қylmysқа zhane sybaylas zhemkorlykqa қarsy күresti күsheytu zhane құқық Korgau қызmetin Odan әri zhetildiru zhөnindegі kosymsha sharalar turaly “ Zharlyғы // “Paragraph” ақпараттар zhүyesi . – 2013.
- 3 Roman Law: Textbook / O. Omelchenko . – 2nd ed., Rev. and add. – Moscow: TONE – Ostozhye, 2000 . – 208.
- 4 Corruption in public administration // Resolution of the Eighth United Nations Congress on the Prevention of Crime and the Treatment of Offenders. – New York , 1990 . – S. 150-153.
- 5 The main international human rights instruments : Articles and comments on the 50 th anniversary of the Universal Declaration of Human Rights . – Almaty : 1998. – 148 p.
- 6 The law of the Republic of Kazakhstan “On Combating Corruption” // The help system “Paragraph” . – 2013.
- 7 Kabanov PA Corruption and bribery in Russia : historical , criminological and penal aspects . – Nizhnekamsk, 1995 . – S. 19.